



Аринова Меруерт Канатовна
«№ 1 жалпы білім беретін мектеп» КММ
Музыка пәнінің мұғалімі

Әжем үйреткен әдеп

«Тәрбие тал бесіктен» деп қазақ даналығында айтылғандай, мектеп – әр оқушының тәрбиесі мен біліміне тікелей жауапты орын. Әрине, бұл жерде үйдегі ата-ананың тәрбиесі де аса маңызды. Қазақ халқы қыз баланың тәрбиесіне қатты мән бергенін «Қызға қырық үйден тыйым, қала берсе, есіктегі күннен тыйым» деген мәтелден-ақ түсінуге болады. Салт-дәстүріміз бойынша қыз баланың санасында ұлағаттылық пен инабаттылық қазақ қызына тән ұндық анадан және жүрген ортасынан яғни мектеп табалдырығынан қалыптасуы керек. Осы мақсатта, Құрықтағы № 1 орта мектепте “Даналық мектебі” аясында “Әжем үйреткен” тақырыбында қыз балалардың қатысуымен әжелердің шеберлік сағаты өтті. Ондағы мақсат – қыз балаларды тұрмыстық дағдыларға үйрету, ұлттық тағамдарды дайындауға, қолөнерге баулу және де, ұмыт бола бастаған дәстүрлерді жаңғырту болатын. Аталған іс-шара барысында әжелер жас ұрпаққа ұлттық құндылықтар мен дәстүрлерді дәріптеп, немерелеріне үлгі-өнеге көрсетіп, өз тәжірибелерімен бөлісті. Іс-шараны мектеп директорының тәрбие жөніндегі орынбасары Меруерт Қанатқызы мен мектепалды даярлық “А” тобының сынып жетекшісі Ж. Тажиханова жүргізді. Ең әуелі іс-шараға қатысушы әжелер өздерін таныстырып, өмірлік жолдары мен отбасы құндылықтары жайлы өмір естеліктерімен бөлісе келе, қыздарға тұрмыс-тіршілікке, отбасылық өмірге, ұлттық салт-дәстүрлерге қатысты ақыл-кеңестерін айтты. Сонымен қоса, қыз балалардың салт-дәстүрімізге сай үй тұрмысында ұлттық бұйымдар жасап, тігін, кесте тігу, ою ойып, жүн түту, қолөнерлік бұйымдар жасау бағытында шеберлік сабақтарын өткізді. Ұлттық тағамдар жасау тұрғысынан да білгендерін үйретіп отбасылық тәрбиенің маңызын насихаттады. Гүлсара әже ұлттық тағам бұжының қалай жасалу жолын көрсетсе, Гүлжамал әже бауырсақ пісірудің құпияларымен бөлісті. Ал Күрең әже ұршық иірудің әдістерін көрсетсе, Жұлдыз әже киізден бұйым жасаудың тәсілдерін үйретіп, бірнеше дайын жұмыстарын алып келіп жас ұрпаққа үлгі ретінде көрсетті. Бұл іс-шара қыз балаларға үлкендерден тәлім алып, ұлттық мұраға, салт-дәстүрге жақындауға үлкен мүмкіндік берді. Әжелердің шеберлік сабақтары арқылы қыздар тұрмыстық өмірде қолдануға болатын құнды білім мен ерекше тәжірибе жинады. Іс-шараның соңында әжелерге мектеп ұжымы атынан алғыс хаттар табысталып, ризашылық білдірілді.